Берілген жоспар оқушылардың сұхбат арқылы ақпарат жинау дағдысын дамыту мақсатында жүзеге асырылды. Жұмыс барысында оқытудың интерактивті әдістері кеңінен қолданылды.

Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін оқытудың жаңартылған білім беру бағдарламасымазмұнында сұхбат оқушылардың сөйлеу әрекеті дағдыларын(тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) дамыту құралы ретінде қарастырылған (Оқу бағдарламасы, 2018). Тәжірибеде мұғалімдер оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамыту үшін сұхбаттың бейнежазбасын пайдаланады. Оқылым дағдысын дамыту үшін әртүрлі тақырыптардағы сұхбаттың транскриптіленген мәтініне немесе мерзімді басылымдарда жарияланған сұхбат мәтіндеріне талдау жасауға үйретеді. Сонымен қатар ұсынылған тақырыпта ауызша және жазбаша сұхбат құру тапсырмаларын орындату арқылы сөйлесім, жазылым дағдыларын дамытады. Сондықтан оқушылар сұхбаттың публицистикалық жанр ретіндегі ерекшеліктерін біледі.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУ

Біздің мақсатымыз сұхбатты зерттеу әдісі ретінде қолдануға үйрету болғандықтан, жұмысты сұхбаттың түрлерімен таныстырудан бастадық (Шындалиева, 2012). Ол үшін ауызекі сөйлеу тілінің жанры сұхбаттың түрлері туралы ресурс беріліп, шағын топтарда ЖИГСО стратегиясы бойынша талқылау ұсынылды.

Мақсатына қарай сұхбаттың түрлері

1. Ақпараттық сұхбат. Сұхбаттың бұл түрінде зерттеу мәселесіне қажетті барынша нақты, шынайы, жаңа және маңызды ақпараттарды анықтау мақсат етіледі.
2. Эксперттік сұхбат. Зерттеу мәселесіне қатысты білікті мамандардың көзқарасын білу үшін қажет. Мамандардың көзқарастарын салыстыра талдай отырып, зерттеуші өзінің ғылыми болжамының дұрыстығына немесе қателігіне көз жеткізеді.
3. Проблемалық сұхбат арқылы зерттеу мәселесіне қатысты әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді салыстырып, дұрыс шешімге келуге болады. Сұхбаттың бұл түріне қатысатын респонденттер саны неғұрлым көп болғаны тиімді.

Талқылау аяқталған соң, сұхбаттың осы түрлерінің ішінен зерттеу жұмысы үшін қолдануға болатын сұхбат түрін таңдауға тапсырма берілді: «Талқылаған сұхбат түрлерінің ішінде қандай сұхбат түрін зерттеу жұмысы барысында қолдануға болады? Жауабыңызды негіздеп беріңіз». Оқушылардың берген жауаптарынан мысалдар келтіре кетеміз.

– Ақпараттық сұхбатты қолдануға болады. Себебі біздің зерттеу мәселемізге қатысты кейбір ақпараттарды, мәселен, қоғамдық көзқарасты анықтау үшін ыңғайлы.

– Эксперттік сұхбатты қолдануға болады. Себебі зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми болжамдарымызды дәлелдеу үшін нақты мамандардың пікірі керек болуы мүмкін.

– Ақпараттық сұхбат қажет болады. Себебі белгілі бір салада соңғы кездері пайда болған мәліметтерді сол салада қызмет ететін маманнан сұхбат алу арқылы ғана анықтай аламыз.

– Ақпараттық сұхбатты қолдану ыңғайлы. Зерттеу мәселесіне қатысты білімдеріміз жеткіліксіз болса және әдебиет көздеріне талдау барысында қажетті ақпаратты таба алмасақ, осы саланың маманынан көмек сұрап, сұхбат алуға болады.

– Эксперттік сұхбат қажет болады. Егер зерттеу қорытындыларын жасауда сенімсіздіктер болса, арнайы сала мамандарының пікірі көмек болады.

Сонымен, талқылаулардың нәтижесінде оқушылар эксперттік сұхбат пен ақпараттық сұхбат түрлерін таңдап алды. Өз таңдауларын негіздеу барысында оқушылардың зерттеу әдісі ретінде сұхбаттың маңызы мен мақсатын түсіне алғаны байқалды.

Сұхбат берушіні және сұхбаттың мақсатын анықтауға үйрету үшін алдымен дайын сұхбатқа талдау жасауға тапсырма берілді.

29.06.2021 ж. Ақын, филология ғылымдарының кандидаты Маржан Ершуге қойылған сұхбат сұрақтары.

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген «Балалар әдебиетін қолдау» жылының қарсаңында белгілі ақын Маржан Ершудың «Кітапхана педагогикасы: Ертегітерапия» атты кітабы оқырманға жол тартты. Сұхбат барысынан аталған жинақты шығарудағы автордың негізгі мақсаты мен ертегітерапияның мән-маңызы туралы біле аласыз.

– Маржан Аманқосқызы, жақында «Кітапхана педагогикасы: Ертегі-терапия» әдістемелік кітабыңыз жарық көрген еді. Ертегітерапия бұл күнде еліміздің оқу-тәрбие саласына таныс болғанымен, кең қолданысқа енген жоқ. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында жазылған бұл еңбектің мән-маңызы жоғары деп ойлаймыз. Ертегітерапия туралы ұлттық тәрбиеге негізделген тұңғыш әдістемелік құрал еліміздегі балалар мен жасөспірімдер кітапханаларының кітапханашыларына, педагогикалық сала мамандары мен студенттеріне және көпшілік оқырман қауымға арналып отыр екен. Осы кітабыңыз туралы түсіндіріп айта кетсеңіз.

– Ертегітерапия басқа елдер тәжірибесінде бар ма? Бұндай тәсіл сіздің ойыңызға қалай, қайдан келді? Бұл – бәрімізді қызықтыратын сұрақ.

– *«Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе»*, – деп М. Жұмабаев айтқандай, ертегінің бала тәрбиесінде алар орны ерекше. Қазір кітап оқу мәселесі қоғамдағы күрделі мәселеге айналып барады. Ертегітерапия жобасының баланы кітап оқуға тәрбиелеуде, кітапқа жақындатуда үлесі қандай болмақ?

– Ертегіге балалар құмар. «Балалық» деген ұғымның өзі ертегінің синонимі тәрізді. Сіздің ойыңызша, «Ертегітерапия» жобасын оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы кітап оқыту процесіне айтарлықтай әсер етуге бола ма?

– «Ертегітерапияны» қолдаушылар бар ма? «Ертегі және Ертегітерапия» деген тақырыпты жазуыңызға қандай себеп түрткі болды?

Тапсырма: Сұхбатты оқып шығыңыз. Сұхбатты талдап, берілген кестені толтырыңыз.

1-кесте

Сұхбатқа қатысушылар кімдер (әлеуметтік рөлдерін түсіндіріңіз)	Сұхбаттың түрі (Сұхбат мәтінінен мысалдар келтіре отырып түсіндіріңіз)	Сұхбаттың мақсаты (Сұхбат мәтінінен мысалдар келтіре отырып түсіндіріңіз)
Сұхбат алушы: Сұхбат беруші:		

Тапсырманы оқушылар алдымен жеке орындады. Жеке жұмыс барысында сұхбатқа қатысушыларды және сұхбаттың түрін анықтау оқушыларға қиын болған жоқ. Тек сұхбаттың мақсатын түсіндіру біршама қиындықтар тудырды. Жеке нұсқаулықтар беруге тура келді. Мысалы: «Сұхбат алушының мына сұрағына жасаған кіріспесіне көңіл аударыңыз. Ол неге бұлай айтты?», «Сұхбат алушы неге мынандай сұрақ қойды?». Жеке жұмыс аяқталғаннан кейін әр оқушы өзі толтырған кестені сыныптың көрнекі жерлеріне іліп қойды. Оқушылар «Галереяға саяхат» стратегиясы арқылы бір-бірінің жұмыстарымен

танысты, кері байланыс берді, бір-бірінің жұмысын толықтырды. Жұмыстың соңында оқушылар рефлексия жасады. Айтылған пікірлердің ішінде ең маңызды болғаны: «Сұхбаттың мақсатын анықтауда сұхбат алушының кіріспе сөзіне және қойылған сұрақтарға көңіл аударған дұрыс екен», «Алдағы уақытта өзім сұхбатқа дайындалғанда алдымен сұхбат мақсатын айқын белгілеп аламын», «Сұрақтарды сұхбат мақсатына тікелей бағыттап, нақты қою керек екенін түсіндім», «Сұхбат алушы әртүрлі мақсатта сұраққа кіріспе жасай алады». Оқушылардың бұл айтқан пікірлері сұхбаттың мақсатын айқын анықтап алу қаншалықты маңызды екенін түсінгендерін көрсетті. Сонымен қатар сұрақ қою принциптерін де үйрене бастағаны байқалды.

Сұхбаттың мақсатын анықтау туралы оқушылардың алған білімдерін бекіту үшін нақты зерттеу тақырыптары ұсынылды. Осы тақырыптар бойынша тәжірибелік тапсырма берілді.

Тапсырма. Берілген тақырыптар бойынша зерттеу жүргізу барысында:

- Қандай сұхбат түрін алуға болады?
- Сұхбатты кімнен алуға болады?
- Сұхбаттың мақсаты қандай болады?

Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, тапсырманы орындау үшін алдымен зерттеудің мақсатын анықтап алу маңызды. Бірақ зерттеу мақсатын анықтауды тапсырма мазмұнына енгізбедік. Себебі оқушының барлық зерттеу әрекеттері біртұтас дүние екенін және олардың барлығы бір ғана зерттеудің мақсатына бағынатынын тәжірибе арқылы өздігінен түсінгені маңызды болды. Оқушылар төрт топқа бөлініп, әр топ өздеріне берілген зерттеу тақырыбымен және тапсырма мазмұнымен танысып болғаннан кейін ой шақыру жүргізілді:

«Балалар, қалай ойлайсыздар, осы 3 сұраққа жауап беру үшін бізге қандай ақпарат жетіспейді? Біз нені анықтап алуымыз керек?» Мұғалімнің қолдаушы сұрақтары мен қосымша нұсқаулықтары арқылы топтық және жалпысыныптық талқылаулар жасап болғаннан кейін оқушылар алдымен зерттеудің мақсатын анықтап алу керектігін түсінді. Осыдан кейін әрбір топ тапсырманы орындауды өздеріне берілген тақырып бойынша зерттеудің мақсатын анықтаудан бастады. Шағын топтардағы жұмыс барысын бақылай отырып, мұғалім тағы да қосымша нұсқаулықтар мен бағыттаушы сұрақтар беріп отырды. Өз жұмыстарының нәтижесін топтар кесте түрінде рәсімдеп берді. Барлық кестені біріктіргенде оқушылар жұмысының нәтижесі төмендегідей болды.

2-кесте

Зерттеу жұмысының тақырыбы	Зерттеудің мақсаты	Сұхбат-тың түрі	Сұхбат беруші	Сұхбаттың мақсаты
Мағжан өлеңдеріндегі символдық бейнелер	Ақын шығармашылығында жиі кездесетін символдық бейнелердің мәнін ашу	Эксперт-тік сұхбат	Мағжан шығармашылығын зерттеуші ғалым	Ақынның табиғат атауларын символдық бейне ретінде қолдануының себептері туралы зерттеушінің пікірін білу

Энергетикалық сусындардың адам ағзасына әсері	Энергетикалық сусындардың адам ағзасына тигізетін пайдасы мен зиянын анықтау	Ақпараттық сұхбат	Дәрігер	Энергетикалық сусындардан зардап шеккен пациенттер туралы ақпарат жинау
Киімдердегі ағылшынша жазулар мен принттер	Заманауи жастар мәдениетіндегі киім кию ерекшеліктерін анықтау	Ақпараттық сұхбат	Кездейсоқ кездескен жастар өкілі	Киімдердегі ағылшынша жазулар мен принттер қатысты жастардың пікірі туралы ақпарат жинау
Ауыз суы мен ерітілген судың вольт-амперлік сипаттамаларын салыстыру	Ауыз суы мен ерітілген судың вольт-амперлік ерекшеліктерін анықтау	Ақпараттық сұхбат	Гидрологиялық сарапшы	Ауыз суы мен ерітілген судың құрамы мен құрылымы туралы ақпарат алу

Жинақталған кестені топтарға қайта ұсына отырып, оқушылардың басқа топтардың жұмыстарымен танысуына мүмкіндік берілді. Басқа мысалдарды қарастыра отырып, оқушылар өздерінің сауалнама мақсатын анықтау дағдыларын жетілдірді.

Сұхбат сұрақтарын құрастыруға үйретуде РАФТ(Р – роль, А – адресат, Ф – форма, Т – тақырып) стратегиясының принципін қолдандық. РАФТ стратегиясының мәні: оқушыларға бірнеше түрлі элеуметтік роль, адресат, форма және тақырып ұсынылады. Оқушы өзінің таңдауы бойынша белгілі бір рольде нақты бір адресатқа бағыттап, белгілі бір формадағы жазба жұмысын орындайды. Біздің жағдайымызда роль өзгермейді: сұхбат алушы - зерттеуші; адресат – сұхбат беруші: зерттеу мақсатына қарай әртүрлі болады; форма өзгермейді- сұхбат сұрақтары; тақырыптың орнына сұхбаттың мақсатын аламыз.

Адресат –

1. Мағжан шығармашылығын зерттеуші ғалым
2. Дәрігер
3. Кездейсоқ кездескен жастар өкілі
4. Гидрологиялық сарапшы

Форма өзгермейді: сұхбат сұрақтары

Мақсат –

1. Ақынның табиғат атауларын символдық бейне ретінде қолдануының себептері туралы зерттеушінің пікірін білу;
2. Энергетикалық сусындардан зардап шеккен пациенттер туралы ақпарат жинау;
3. Киімдердегі ағылшынша жазулар мен принттерге қатысты жастардың пікірі туралы ақпарат жинау;
4. Ауыз суы мен ерітілген судың құрамы, құрылымы туралы ақпарат алу.

Сұхбат сұрақтарын құрастырар алдында алғашқыда өздері талқылаған дайын сұхбат мәтіні еске түсірілді. Сұхбат алушының қойған сұрақтарына көңіл аударып, қайта қарап шығуға уақыт берілді. Осыдан кейін оқушыларға сұхбат сұрақтары туралы ресурс таратылып берілді.

Қандай сұрақтарды қоюға болмайды?

1. Риторикалық сұрақтарды. Себебі риторикалық сұрақ жауапты қажет етпейді.
2. Жауабын меңзейтін сұрақ. Сұрақтың бұл түрі екі түрлі қиындық туғызады. Біріншіден, сұхбат берушінің жауабы толыққанды болмайды. Себебі ол сұхбат алушының меңзеген жауабын айта салуы мүмкін. Екіншіден, сұхбат беруші өзін ыңғайсыз сезінуі және сұхбатқа қызығушылығы төмендеуі мүмкін
3. Артық сөз, қажетсіз интонациямен күрделенген сұрақ
4. Қосарланған екі сұрақ

Ресурсты оқып, түсініп алғаннан кейін, оқушылар жалпысыныптық талқылау арқылы сұхбат сұрақтарын құруға арналған нұсқаулық дайындады.

Сұхбат сұрақтарын құруға нұсқаулық

1. Сұхбат өзің білмейтін, бірақ зерттеу үшін маңызды ақпараттарды алу үшін қажет. Сондықтан белгілі ақпарат туралы сұрақ қойма. Сұхбаттың зерттеу үшін пайдасы болмайды.
2. Сұхбат белгілі бір мәселеге қатысты білікті маманның көзқарасын білу, сол арқылы ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру үшін қажет. Сондықтан сұхбат сұрағын құрастырғанда өз көзқарасыңды қосуға болмайды.
3. Шынайы ақпарат алу үшін сұхбат сұрағы нақты болуы керек.
4. Сұхбат сұрақтары сұхбат беруші үшін түсінікті және қарапайым түрде құрылуы керек
5. Сұрақ сұхбат берушінің сұбаттасуға деген қызығушылығын түсірмеу керек: сұхбат беруші үшін ыңғайсыз сұрақтарды қоюға болмайды.
6. Сұрақтарға мүмкіндігінше кіріспе жасап отыру керек. Себебі орынды айтылған кіріспе сұхбат берушіні жаңа ойларға жетелеп, маңызды пікірлер айтуға көмектеседі.

Келесі кезекте оқушылар өздері дайындаған нұсқаулыққа сүйене отырып, сұхбат сұрақтарын құрастырды. Кейін оқушылар осы нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, бір-бірінің құрастырған сұрақтарына кері байланыс берді. Кері байланыстарды тыңдай отырып, сұхбат сұрақтарын сапалы құрастыруда нұсқаулық құру процесі мен нұсқаулықтың өзі көп көмек бергенін түсіндік.

Сұхбаттың сапалы болуы және зерттеу мақсаты үшін маңызды ақпараттарды жинауға тиімді болуы сұхбат сұрақтарына қаншалықты байланысты болса, сұхбат алушының қарым-қатынас мәдениетіне соншалықты тәуелді болады. Осы қағиданы оқушылар жақсы ұғып алуы үшін оқушылармен іскери ойын ұйымдастырдық. Ол үшін оқушылар нақты зерттеу мақсаты бойынша алынатын сұхбаттың қатысушылары рольдерін алды. Яғни «сұхбат алушы-сұхбат беруші» жұптарына бөлінді. Әр жұп өздеріне таныс, екеуі де жақсы білетін зерттеу тақырыбын таңдады. Сұхбат сұрақтарын және оған берілетін жауап жобаларын құрастырды. Осыдан кейін жұптар өздері дайындаған сұхбатты ойын түрінде басқаларға көрсетіп берді. Көрсетілген сұхбат құрылымдары жобамен төмендегідей болды:

1. Сұхбат алу туралы келісу (телефонмен хабарласу);
2. Кездесу сәті (амандасу, сыпайыгершілік репликалар);
3. Сұхбат алушының сұхбаттың мақсаты мен жалпы не туралы әңгіме болатынын хабарлауы;
4. Сұрақ-жауап сәті;

5. Сұхбатты қорытындылау және сұхбат берушіге алғыс білдіру.

Іскери ойындарды талқылау барысында оқушылардың қойған «Егер сұхбат барысында немесе кез келген кезеңде күтпеген жағдайлар болып қалғанда не істеуге болады?» деген сұрағы маңызды болды. Сұрақты түсіндіру үшін мысалдар келтірді. Мысалы, таңдаған сұхбат беруші сұхбат беруден бас тартса; сұхбат беруші тақырыптан ауытқып кете берсе; қойылған сұраққа жауап бере алмаса. Оқушылардың бұл туралы ойлануы осындай мәселелерді шешуде сұхбат алушының жауапкершілігін түсінгендерін көрсетті. Бұл тұста мұғалім жалпы сұхбат алу кезіндегі сұхбаттасушымен қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінік бере кетті (Костромина, 2014); (Мирсеитова, 2011).

Сұхбат арқылы алынған ақпараттарды талдауға үйрету үшін дайын сұхбат мәтінін пайдаландық.

*Жергілікті демалыс орындарында туристерге жайлы жағдай жасалған ба?
12.06.2019*

Аспан мен таласқан таулар, қалың орман мен шалқар көлдер. Көкжиекпен ұштасқан ұлы дала. Табиғаттың осынау сыйын көруге асық жандардың қарасы көп. Бірақ жергілікті демалыс орындарында жайлы жағдай жасалған ба? Осы сұраққа қатысты туристік компаниялардың пікірін білу үшін мамандарды сұхбатқа шақырдық. Жаз мезгілі келгенімен, курорттық аймақтарда туристердің саны көп емес. «Баяғы жартас сол жартас» дегенді айтады сарапшылар.

***Ая Нұрдәулетқызы, туристік фирма директоры:** – Инфрақұрылым, жол, әжетхана, қызмет көрсету сапасы сынды сұрақтар туризм саласында қашан да өзекті. Қазір жаз мезгілі болғанымен, қонақүйлер жартылай бос. Мәселен, Түркиядағы жағдай басқаша. Ол жақта бос орын табу қиынның қиыны. Тіпті ауа температурасы 45 градусқа дейін баратын Біріккен Араб Әмірлігінде саладағы сапа жоғары. Өйткені онда түрлі жеңілдіктер қарастырылған.*

***Дидар Арыстан, қазақстандық МЖӘ орталығының талдаушысы:** – Мұның барлығы келіссөздер нәтижесіне тікелей байланысты. Егер инвесторлар қағаз бастылық сынды кедергілерге тап болмаса, онда туризм саласындағы бизнес алға басады. Өйткені шетелдік инвесторлар бірінші кезекте құжаттардың көптігінен қашып, елдегі саяси жағдайдың тұрақтылығына басымдық береді. Инвесторларды жеңілдіктер арқылы тартуға баса мән беру қажет. Мәселен, шетелдік елдерде осы мақсаттарды орындау үшін ұзақ мерзімді келісімдерге қол қойылады. Мысал үшін, Түркиядағы инвестициялық мерзім 20 жылға дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында инвестор жергілікті нарыққа әбден бейімделеді. «Бірақ мәселе мұнымен де шешіле қоймас», – дейді туристік фирма өкілдері.*

***Ая Нұрдәулетқызы, туристік фирма директоры:** – Туризмді шынайы дамытпай, қонақүйлер сала берген дұрыс емес. Бірінші кезекте Қазақстанды инвесторлар үшін қолайлы ел ретінде жарнамалау қажет. Шетелден қонақтар келе бастаған соң, мейманхана құрылысына мән берген жөн.*

Бәрі ретімен жасалуы керек. Ая Нұрдәулетқызының айтуынша, Қазақстан туралы шетелдерде жарнама көптеп жарияланса игі. «Сондықтан саланы толық жаңғырту туралы айту әзірше ерте сияқты», – дейді мамандар.

Тапсырма: Берілген дайын сұхбат мәтінін оқып шығыңыз. Сұхбаттың мақсатын «Қазақстанда туризм саласының дамуына кедергі болып отырған себептерді анықтау» деп аламыз. Сіздің міндетіңіз – сұхбаттан Қазақстанда туризмнің дамуына кері әсерін тигізіп отырған факторларды анықтауға мүмкіндік беретін ақпараттарды жинау, қорытынды жасау және ұсыныстар беру.

Тапсырманы қиындықсыз орындау үшін оқушыларға төмендегідей бағыттаушы нұсқаулықтар берілді.

1. Сұхбат алушының кіріспе сөзіндегі «Бірақ жергілікті демалыс орындарында жайлы жағдай жасалған ба?» деген сауалына көңіл аударыңыз. Осы сауалға сүйене отырып, Қазақстанда туризмнің дамуына қандай себеп болуы мүмкін екендігіне болжау айтыңыз.

2. Ая Нұрдәулетқызының бірінші айтқан пікірінен осы болжамыңыздың дұрыстығын дәлелдейтін ақпарат іздеңіз.

3. Ая Нұрдәулетқызының осы сөздерінен тағы да басқа себепті анықтайтын ақпаратты табыңыз.

4. Дидар Арыстанның пікірінен үшінші себепті анықтайтын ақпаратты табыңыз.

5. Белгілі болған ақпараттардан қорытынды жасаңыз.

6. Өзіңіз жасаған қорытындыға сүйене отырып, Қазақстанда туризмді дамытуға ұсыныстар беріңіз.

Тапсырманы оқушылар алдымен шағын топтарда орындап, постер толтырды. Кейін «Қытайша десерт» стратегиясы арқылы бір-бірінің постеріне кері байланыс берді, жұмыстарын толықтырды.

Оқушы жұмыстарынан мысалдар.

Болжау: Қазақстанда туризмнің дамуымай отыруының бір себебі - туристік нысандарда демалушыларға тиісті жақсы жағдайлар жасалмауынан болуы мүмкін. Қызмет көрсету сапасы төмен болғандықтан, демалушылар саны аз болады.

Болжамның дәлелі: Ая Нұрдәулетқызы «Инфрақұрылым, жол, әжетхана, қызмет көрсету сапасы сынды сұрақтар туризм саласында қашан да өзекті» дейді. Яғни қызмет көрсету сапасы шынында да төмен.

Тағы да бір себеп: Ая Нұрдәулетқызының айтуынша, Қазақстан туралы шет елдерде жарнама көптеп жарияланса игі. Яғни Қазақстанды шет елдіктерге жарнамалау жетіспейді.

Үшінші себеп: Дидар Арыстан: «Өйткені шетелдік инвесторлар бірінші кезекте құжаттардың көптігінен қашып, елдегі саяси жағдайдың тұрақтылығына басымдық береді. Инвесторларды жеңілдіктер арқылы тартуға баса мән беру қажет». Яғни инвесторлар өз қаржыларын Қазақстан туризміне салуға ынтымақсыз. Себебі қағазбастылық көп, олар үшін ешқандай жеңілдіктер қарастырылмаған.

Қорыта келгенде, Қазақстанда туризмнің дамуын тежеп отырған бірнеше себеп бар. Біріншіден, туристік нысандарда қызмет сапасы төмен. Екіншіден, Қазақстан туралы шетелдіктер өте аз біледі. Үшіншіден, туризмді дамытуға инвесторларды тарту үшін жағдайлар жасалмаған.

Ұсыныстар:

1. Қазақстандағы туристік нысандардың қызмет көрсету сапасын арттыру.

2. Ол үшін шетел инвесторларын тартудың жолдарын қарастыру. Мәселен, құжаттарды рәсімдеуде жеңілдіктер жасау.

3. Қазақстанның көрікті жерлерін, туристік нысандарды шет елдерде барыниша жарнамалау.

Оқушыларға сұхбатты зерттеу әдісі ретінде үйрету тәжірибесін талдау барысында төмендегідей нәтижелер анықталды.

1. Оқушылар тәжірибелік зерттеудегі сұхбаттың маңызын, артықшылықтары мен кемшіліктерін түсінді. Бұл маңызды нәтиже болып табылады. Себебі осы түсінік алдағы уақытта зерттеу жұмыстарында сұхбат әдісін орынды қолдануға көмектеседі.

2. Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес сұхбат алудың барлық кезеңдерінде қажет болатын дағдылары қалыптасты: сұхбаттың мақсатын анықтау, сұхбат берушіні таңдау, сұхбат сұрақтарын құрастыру, сұхбат алу. Сұхбат арқылы жиналған ақпарат ғылыми болжамның дұрыстығын шынайы бағалауда маңызды қызмет атқарады. Сондықтан сұхбат алудың барлық кезеңдеріндегі әрекеттерді зерттеуші біліктілікпен жүзеге асыруы тиіс.

3. Сұхбат арқылы алынған ақпараттарды талдауға үйренді. Сұхбат арқылы алған ақпараттарды талдау дағдысы оқушының зерттеу мақсатына қажетті кез келген басқа да ақпараттарды өңдеп, тиімді қолдана алуына көмектеседі.

4. Коммуникативтік дағдылары дамыды, іскери қарым-қатынас мәдениетіне үйренді. Бұл зерттеу жұмысында, білім алу үдерісінде ғана емес, жалпы өмір сүру, әртүрлі әлеуметтік ортада тиімді қарым-қатынас орната алу үшін маңызды өмірлік дағды.

Оқушыларды ғылыми жобалар байқауына дайындауға үлкен кедергі – оқушылардың зерттеу жұмысымен айналысуға деген ынталарының төмендігі. Оның басты себебі – зерттеуді қалай жүргізу керектігін білмегендіктен қорқыныш пен сенімсіздіктің болуы. Оқушылар үшін зерттеу жобаларын дайындау ешқашан үйрене алмайтын күрделі жұмыс болып көрінеді. Сондықтан оқушыларды біртіндеп зерттеудің жеке әдістеріне үйрете отырып, қызығушылықтарын арттыруға болатынын тәжірибелік зерттеу арқылы дәлелдедік. Эксперименттік зерттеудің нәтижесінде мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқау дайындалды.

Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуда сұхбатты қолдануға әдістемелік нұсқау Сұхбат– зерттеу нысаны туралы ақпарат алудың әдісі. Ол журналистикада, маркетингтік зерттеулерде, психологиялық және әлеуметтік зерттеулерде жиі қолданылады. Зерттеуші сұхбат барысында маңызды ақпараттарды алып қана қоймай, зерттеу мәселесіне терең бойлай алады. Күтпеген жаңа ой-идеялар да келуі мүмкін. Сұхбаттың ақпарат жинаудың сауалнама әдісіне қарағанда артықшылығы осында. Сондықтан оқушыларды зерттеу жұмысында ақпараттарды жинау және өңдеу үшін сұхбат әдісін қолдануға үйрету маңызды.

Біріншіден, сұхбатты тәжірибелік зерттеу әдісі ретінде қолдануға үйретуді аталған әдістің қызметі мен маңызын анықтаудан бастаған қисынды болады. Бұл сұхбатты тиімді зерттеу әдісі ретінде қолдануға болатынын түсінуге көмектеседі.

Екіншіден, сұхбат мақсатын анықтауға, сұхбат сұрақтарын құруға үйрету жұмысын дайын сұхбат үлгілеріне талдау жасатудан бастаған дұрыс болады. Әсіресе әлеуметтік тақырыптарды зерттеуге бағытталған сұхбаттарды алған тиімді болмақ. Бірақ сұхбат мәтіні құрылымдық жағынан мінсіз, мақсаты айқын болуы керек. Сұхбат сұрақтары талаптарға сай болуын қадағалау керек.

Үшіншіден, тәжірибелік жұмыстарды басым қолдану керек. Мысалы, берілген тақырып бойынша сұхбат мақсатын анықтау; белгілі бір мақсатқа сәйкес сұхбат сұрақтарын құрастыру; берілген жағдаятқа сәйкес сұхбат алу сияқты тәжірибелік жұмыстарды жүргізіп отыру жақсы нәтиже береді.

Төртіншіден, оқытудың интерактивті әдістерін басым қолдану маңызды. Себебі оқушылар бір-бірімен пікір алмасу, өзара талқылау, кері байланыс беру барысында тез үйренеді. Тәжірибеде «РАФТ», «Галереяға саяхат», «Қытайша десерт», «ЖИГСО» сияқты интерактивті әдістерді, іскери ойындарды тиімді қолдануға болатыны дәлелденді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Эксперименттік зерттеу «оқушылар зерттеу жұмысындағы сұхбаттың маңызын және сұхбат алудың концепциясын түсінсе, сұхбатты ақпараттарды жинау және өңдеу үшін тиімді қолдана алады» деген ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеді. Бұл тәжірибелік жұмыстар барысында айқын көрінді. Оқушыларды зерттеу жұмысының маңызды кезеңі – жинау және өңдеу эрекетіне үйретуде сұхбат әдісін қолданудың тиімді жолдары анықталды. Зерттеу нәтижелерін оқушыларды зерттеу қызметінің негіздеріне үйрету туралы кең көлемді ғылыми зерттеудің тәжірибелік бөлімінде қолдануға болады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін мектеп тәжірибесінде қолдануға болады.

Алдағы уақытта жартылай құрылымдалған және құрылымдалмаған сұхбат түрлерін, проблемалық сұхбатты қолдану үдерісін зерттеу арқылы тақырыпты кеңейту жоспарлануда. Сонымен қатар дөңгелек үстел түріндегі сұхбатты, әлеуметтік тақырыптағы зерттеуде көпшілік пікірін жинауға бағытталған сұхбатты қолданудың тиімділігін зерттеу мақсат етіліп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

Әлкебаева Д. (2008) Қазақ тілінің публицистикасы: Оқу құралы. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті.- 258 б.

Баканова И.Г., Патрикеева Е.А., Пыркина Н.А. (2018). Интервью как коммуникативный метод обучения иностранному языку в средней школе. Вестник Самарского Государственного университета. Том 15. № 2. – стр. 20-36

Bryman F. (2004) Social Research Methods. N.Y.: Oxford University Press. Pp. 318-345

Квале С. (2003) Исследовательское интервью. — М.: Смысл. – стр. 301

Kostromina E.A. (2014) *Rhetorika: Uchebnoye posobiye* [Rhetoric: a training manual]. Moscow, Berlin: Direct Media.-194 стр.

Лукина М. (2003). *Технология интервью. Учебное пособие для вузов*. М.: Аспект Пресс.- 192 стр

Мирсеитова С. (2011) Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде: Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері. – Қарағанды.-186 б.

Оқубағдарламасы. (2018) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген. Астана

Савенков А. (2006). *Психологические основы исследовательского подхода к обучению. Учебное пособие*. Москва, «Ось-89». – 480 стр.

Шындалиева М. (2012) *Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы: Оқулық*. – Астана: ЕҰУ АББ. -248 б.

REFERENCES

Alkebayeva D. (2008) *Journalism of the Kazakh language: A textbook*. - 2nd edition - Almaty: Kazakh University -258 p. (in Kaz.)

Bakanova I.G., Patrikeeva E.A., Pyrkina N.A. (2018) Interview as a communicative method of teaching a foreign language in secondary school. *Bulletin of Samara State University*. Volume 15, No. 2. 20-36. (in Rus.)

Bryman F. (2004) *Social Research Methods*. N.Y.: Oxford University Press.318-345. (in Eng.)

Kvale S. (2003) *Research interview*. — М.: Sense. 301 p. (in Rus.)

Kostromina E.A. (2014) *Rhetoric: a textbook* [Rhetoric: a training manual]. Moscow, Berlin: Direct Media. 194 p. (in Rus.)

Lukina M. (2003) *Interview technology. Textbook for universities*. М.: Aspect Press. 192p. (in Rus.)

Mirseitova S. (2011) *Learning as a search and search as learning: forms and methods for the development of critical thinking of students*. - Karaganda. 186p. (in Kaz.)

Training program. (2018) Developed in accordance with the state mandatory standard of Secondary Education (Primary, Basic Secondary, general Secondary Education) approved by the resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated August 23, 2012 No. 1080. Astana. (in Kaz.)

Savenkov A. (2006) *Psychological bases of research training. Study guide*. Moscow, «Axis-89». 480 p. (in Rus.)

Shindalievа M. (2012) *Forms and functions of genres of Journalism: A textbook*. - Astana: ABB ENU. 248 p. (in Kaz.)

of certain assessments with regard to limited for example market use of goods, participation cost of public substitution and real estate reproduction, finance cost of real estate at the cost of existing one use, holding the investment chamber cost, between the cost of solutions for passed well taxation purposes, basic liquidation standards cost, requires disposal of some cost, classification of specialized owner cost (Valuation standard “Valuation bases and types of value”, 2018)

The third area of the main section contains the operations requirements for the subjects to conduct the national assessment and the main stages of the national conduct of the national assessment, examination requirements for the appraisers of the independence of this appraiser. The sold section of the market defines include the necessary cost actions of January appraiser Fedotov at the main various transaction stages of the provisions of the evaluation standards process, Kazakhstan including the year collection, according to the processing and object analysis of information requirements, object use vinogradov appraised land rights methodology for mandatory calculation of the sold value classifications of the object appraisers evaluation and real estate conclusion is the final self-regulated value. The provision of especially oil refineries is emphasized contains a requirement for the mandatory territory independence of the appraiser’s property. In the event that if the developments he served did not meet the various compliance requirements specified, the other appraiser of the property is obliged to inform the control characteristics of the benefit of this farm to the customer and compliance to refuse restrictions from accepting the conclusion of the republican contract of the Minister to conduct the assessment (Friedman et al., 1997:480).

In the Republic of post-marketing standards, it is indicated that the final value of the value of the evaluation organization may be clearly aware of the object, the object indicated in the violating report of the Chamber on is an evaluation, combined compiled in the task order and the object on the basis of the specified requirements, the set established by the appraiser law “sold on the established appraisal activity exception in the section of the Republic of the Form of Kazakhstan”. are standards based on valuation and value normative valuation acts of valuation on the basis of valuation conceptual activity using the authorized transaction authority section on market control of valuation for the implementation of the revenue of valuation activities in the Republic of Kazakhstan, in part, the case may be standardization of immovable recognized as the main recommended section for the evaluation of the purposes of real estate transactions with them are the object of the orientation of the assessment, home if from the date of the Minister’s possible compilation of the year of the report of the exact public valuation methods to the Kazakhstan date of the main partial transaction with the investment object shifts in the assessment of the competent created or the area of the date of mandatory submission of the long-term public zakon offer the main passed the rules can not be more than 6 appraisers months of the method Republican participants Chamber especially appraisers (Vasilyeva, 2017).

1. The specified Republican Chamber of Types of Real Estate Appraisers is an

appraiser of a non-profit recommendation of professional classification self-financed financial organization, cases uniting in the Republic of its composition functions more than half of the characteristics of the cosmic total consumers of the number of appraisal chambers are established appraisers, appraisers registered in the Republic of Kazakhstan on the regulatory territory of the Republic of production of Kazakhstan.

2. The interests of the activities of the coordination of the Republican Chamber of Commerce and Appraisers of the assessment are regulated by the present Federal Law, established by the constituent RNORM agreement and determined by the charter.

3. Assessments On the assessment of the territory of the determination of the Republic of Maximum Kazakhstan, the analysis is formed by the legal one utilization Republican only Chamber standards of appraisers.

4. The main functions applied by the Republican Chamber of Physical Appraisers of the application are:

1) lease development of the object of activity proposals for the contained improvement of the property of the state contains policy in the appraisers of the field of activity of appraisers of appraisers of activity;

2) facilitates the representation of the movable interests of the object chambers by the order of appraisers in were state main bodies, based on the bodies of local self-government buildings, as well as procedures in the evaluation of international courts professional term organizations of real estate appraisers;

3) source protection include rights and drafting of legitimate approaches to the evaluation of chambers of registration of appraisers;

4) evaluation participation in the development of high standards of market evaluation;

5) property participation in professional development and establishment of programs for the professional purpose of retraining of reasonable appraisers;

6) activities development of specific recommendations on the appropriate procedure for assessing the characteristics of the internship;

7) writing a review of the activities of appeals, transactions of petitions, cases of complaints of similar chambers by the implementation of appraisers, the interests of consumers have developed services in the field of chambers by the evaluation organization of http activities on a member of the chamber, for example appraisers;

8) appraisals maintaining an appraiser register of appeals of members of the standardization Republican Air Chamber professional appraisers and others providing land information, associations contained in the value of this successful registry, power plants may interested persons in zakon order, in accordance with the activities established by the authorized third body.

Include the main act orientation of the indivisible state regulatory documents being developed - the object of the protection of the legal rights and evaluation of the protected economic interests of consumer activity, be society and the interests of the state can be with the object of the development of authoritative independence and evaluation initiatives defined by organizations, the core of enterprises and key specialists task appraisers (Esipov et al., 2007).

CONCLUSIONS

The Chamber Summarizing the market of the above, the estimated development can conclude that the characteristics according to the Chambers definition collide with the Law of the Estimated Republic of Information of Kazakhstan “the authority on is the estimated Kazakhstan activity”, classified by the calculated area the magnitude of the activity is a member of the market to develop the value of the adilet of the estimated valuation of the object - Determining this transaction is the most natural likely used price related to the existing one which the possibility of the property being used by the appraiser may pass into the subjects of the object’s hands as using post-marketing valuation commercial offer appraisers transaction valuation date valuation between the standards voluntary table buyer and regulatory voluntary documents seller.

